

Қазақстан Республикасының темір жол кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 31 қаңтардағы N 129

Теміржол көлігі басқармаларын қаржылық-экономикалық сауықтыру және құрылымдық оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Алматы теміржол басқармасы", "Тың теміржол басқармасы", "Батыс Қазақстан теміржол басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары қосылу жолымен шаруашылық жүргізу құқығында "Қазақстан темір жолы" (бұдан әрі - Кәсіпорын) республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган болып т а б ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі: бір ай мерзімде Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін; Кәсіпорынның басшысы болып Е.Ж.Қалиев тағайындалсын; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Кәсіпорынды Алматы қаласында орналастыру мәселесін шешсін;

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі бойынша қайта ұйымдастырылатын еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды сақтап қалу жөніндегі мәселені шешсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік қайта ұйымдастырылған кәсіпорындардың қаржылық жай-күйіне бағалау жүргізсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне кредиторлық және дебиторлық берешектерін қайта құрылымдау жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорының басшысы 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының темір жол көлігінің перспективалық даму бағдарламасын әзірлесін және Үкіметке т а п с ы р с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін мерзімге "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорының және оның еншілес кәсіпорындарының барлық есеп айырысу және басқа

да шоттарын "ТұранӘлем Банкі" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына ауыстыруды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қаржылық-экономикалық
сауықтыру және реформалау мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда комиссия
қ ұ р ы л с ы н .

8. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

9. "Қазақстан Республикасының темір жолын қайта ұйымдастыру және оны
қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1417 қаулысы 2-тармағының
к ү ш і ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 3 1 қ а ң т а р д а ғ ы
N 1 2 9 қ а у л ы с ы н а*

қ о с ы м ш а

*Т е м і р ж о л к ө л і г і н қ а р ж ы л ы қ - э к о н о м и к а л ы қ с а у ы қ т ы р у
ж әне р е ф о р м а л а у ж ө н і н д е г і к о м и с с и я н ы ң*

ҚҰРАМЫ

Лавриненко Ю.И.

*- Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрі, комиссия*

төрағасы

Комиссия мүшелері:

Қалиев Е.Ж.

*- "Қазақстан темір жолы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының басшысы*

Андрющенко А.И.

- Қазақстан Республикасы Экономика

министрінің орынбасары

Менжулин Б.И.

- Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің орынбасары

Мұхаметжанов С.Н.

*- Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрінің орынбасары*

Молоканов А.А.

*- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары -
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік*

комитеті жанындағы Кәсіпорындарды
қайта ұйымдастыру жөніндегі

агенттіктің директоры
Ушуров И.А.
бірінші орынбасары

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты Заң бөлімі меңгерушісінің

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК